

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасасмай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/banks-rating>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері (депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу 31.07.2026 ж. қарай қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен ақшалай қор жасау бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді¹.

2026 жылғы 5 маусымда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 1,0 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендетіп, 17,00%-ға дейін жеткізу туралы шешім қабылдады. Ал 2026 жылғы 24 шілдеде базалық мөлшерлеме тағы 0,25 п.т.-ға төмендетіліп, 16,75% деңгейінде белгіленді. Бұл шешімге, соның ішінде, жылдық инфляцияның қатарынан тоғызыншы ай төмендеуі де әсер етті. 2026 жылғы маусымның қорытындысы бойынша жылдық инфляция 10,3%-ды² құрады. Маусым айында банктер депозиттік мөлшерлемелерді белсенді түрде қайта қарағаннан кейін, шілде айында бұл үрдіс жалғасын тапты, алайда оның қарқыны біршама баяулады. Атап айтқанда, шілде айында 4 банк депозиттік мөлшерлемелерін қайта қарады, ал алдыңғы айда мұндай шешімді 10 банк қабылдаған болатын.

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Депозиттің түрі	Өзгерістер		
	▲ (мөлшерлеменің көтерілуі)	▼ (мөлшерлеменің төмендеуі)	+(өнімдер желісінің кеңеюі)
Мерзімсіз	1 банк	-	-
Толықтыру құқығы бар мерзімді	-	-	1 банк
Толықтыру құқығы жоқ мерзімді	-	-	-
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	-	2 банк	-
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	1 банк	2 банк	-
Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер	-	1 банк	-

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін төмендету туралы» баспасөз хабарламасы <https://nationalbank.kz/kz/news/press-relizy/19982>



Мерзімсіз депозиттер³

Мерзімсіз депозиттер қаражатты өте икемді басқаруға мүмкіндік береді: егер шотта төмендетілмейтін қалдық сақталса, ақшаны жоғалтпай немесе ең аз сыйақы шығынымен салуға және алуға болады.

2026 жылғы шілде айының негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер саны	18
Мөлшерлемелерді өзгерткен банктер саны	1
Ең жоғары мөлшерлеме	16,90%
Ең төмен мөлшерлеме ⁴	12,60%
Орташа мөлшерлеме	15,20%

2026 жылғы шілде айында мерзімсіз депозиттер бойынша айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Осы өнімді ұсынатын 18 банктің ішінде активтер көлемі бойынша нарықтағы үлесі 3%-ға дейін (қоса алғанда) болатын бір ғана шағын банк пайыздық мөлшерлемені көтерді. Қалған банктер депозит шарттарын өзгеріссіз қалдырды.

Қазіргі уақытта нарықта мерзімсіз депозиттердің кірістілігі мен мерзімді және жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелер арасында айтарлықтай айырмашылық сақталуда. Бұл экономикалық тұрғыдан негізделген, өйткені аталған айырмашылық қаражатты мерзімінен бұрын алу шарттарының қатандығы үшін берілетін сыйақы болып табылады. Осындай «маржаға» байланысты банктер ең алдымен өздері үшін қымбатырақ міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстарды түзетеді, ал қазіргі кезеңде мерзімсіз депозиттердің құнын қайта қарау қажеттілігі жоқ. Мерзімді және жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелер төмендеп, олардың мерзімсіз депозиттермен арадағы спреді қысқарған жағдайда, мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелерді түзету қажеттілігі туындауы мүмкін. Сонымен қатар, мөлшерлемелердің алдағы динамикасы Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының бағытына тікелей тәуелді болады.

Банктер	2026 жылғы маусым, %	2026 жылғы шілде, %	Өткен аймен салыстырғандағы өзгеріс (п.т.)
Банк 1	16,90	16,90	-
Банк 2	15,95	15,95	-
Банк 3	15,90	15,90	-
Банк 4	15,85	15,85	-
Банк 5	15,60	15,60	-
Банк 6	15,50	15,50	-
Банк 7	15,50	15,50	-
Банк 8	15,50	15,50	-
Банк 9	15,00	15,35	+0,35 ↑
Банк 10	15,14	15,14	-
Банк 11	15,00	15,00	-
Банк 12	15,00	15,00	-
Банк 13	15,00	15,00	-
Банк 14	14,70	14,70	-

³ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

⁴ іріктеуге инфляция деңгейінен айтарлықтай төмен мөлшерлемелер ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеген.

Банк 15	13,00	13,00	-
Банк 16	12,60	12,60	-
Банк 17	8,80	8,80	-
Банк 18	5,72	5,72	-
Орташа мөлшерлеме	15,1	15,2	+0,1↑



Мерзімді депозиттер⁵

Мерзімді депозит – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни, ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

2026 жылғы шілде айының негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер саны	1
Сегменттегі депозиттік өнімдер саны	1
Мөлшерлемені өзгерткен банктер саны	0
Ең жоғары мөлшерлеме	18,01% (3 айға)
Ең төмен мөлшерлеме	12,20% (24 айға)

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер депозит нарығында аз ұсынылған. Салымшылардың қызығушылығы негізінен жинақтарды басқаруда үлкен икемділікті қамтамасыз ететін толықтырылатын депозиттерге, сондай-ақ жоғары табыстылық деңгейін ұсынатын жинақ салымдарына бағытталған. Нәтижесінде, аталған өнімді қазіргі уақытта тек бір банк ұсынуды жалғастыруда. Банк өткен айда осы өнім бойынша мөлшерлемелерге шағын түзету енгізген болатын, сондықтан 2026 жылғы шілде айында депозит шарттары қайта қаралмады, ал сыйақы мөлшерлемелері 2026 жылғы маусым деңгейінде сақталды.

Банк	2026 жылғы маусым, %					2026 жылғы шілде, %					Өткен аймен салыстырғандағы өзгеріс (п.т.)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
Банк 1	18,01	17,80	15,70	12,20	-	18,01	17,80	15,70	12,20	-	-	-	-	-	-

⁵ мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылғы шілде айының негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер саны	8
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктер саны	0
Ең жоғары мөлшерлеме	20,00% (3 айға)
Ең төмен мөлшерлеме	5,00% (24 ай және одан жоғары мерзімге)
Орташа мөлшерлеме	15,23%

Осы сегментте ұсынылған банктер саны аз (8 банк), алайда қазіргі уақытта толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер сегменті ең жылдам өсіп келе жатқан сегмент болып табылады – 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында оның көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл өнім жинақ салымдарымен салыстырғанда қаражатты мерзімінен бұрын алу бойынша икемдірек талаптармен қатар, бәсекеге қабілетті мөлшерлемелер ұсынады. Бұл салымшылар үшін қолайлы жағдай жасап, жинақтарына қолжетімділікке қатаң шектеулер қоймай-ақ, жақсы табыс алуға мүмкіндік береді.

2026 жылғы шілде айында банктер толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелерді қайта қараған жоқ, себебі сегменттегі банктердің жартысы өткен айда, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені қайта қарауынан кейін бірден, мөлшерлемелерді төмендеткен болатын. Мерзімді депозиттер бойынша табыстылықтың төмендеу үрдісі басталғанына қарамастан, сегментте ең жоғары мөлшерлеме 20,00% деңгейінде сақталуда. Аталған мөлшерлемені 1 ірі банк ұсынып отыр.

Банктер	2026 жылғы маусым, %					2026 жылғы шілде, %					Өткен аймен салыстырғандағы өзгеріс (п.т.)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
Банк 1	19,00	18,00	14,01	5,00	5,00	19,00	18,00	14,01	5,00	5,00	-	-	-	-	-
Банк 2	-	-	14,94	-	-	-	-	14,94	-	-	-	-	-	-	-
Банк 3	18,90	16,70	16,10	-	-	18,90	16,70	16,10	-	-	-	-	-	-	-
Банк 4	15,90	18,20	16,00	-	-	15,90	18,20	16,00	-	-	-	-	-	-	-
Банк 5	20,00	-	-	-	-	20,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Банк 6	14,93	15,85	15,51	13,35	-	14,93	15,85	15,51	13,35	-	-	-	-	-	-
Банк 7	18,51	16,50	15,50	-	-	18,51	16,50	15,50	-	-	-	-	-	-	-
Банк 8	19,00	18,50	15,00	5,10	-	19,00	18,50	15,00	5,10	-	-	-	-	-	-
Орташа мөлшерлеме	18,03	17,29	15,29	7,82	5,00	18,03	17,29	15,29	7,82	5,00	-	-	-	-	-



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

2026 жылғы шілде айының негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер саны	12
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктер саны	2
Ең жоғары мөлшерлеме	20,50% (3 айға)
Ең төмен мөлшерлеме	5,00% (24 айға)
Орташа мөлшерлеме	14,80%

Нарықтың басқа сегменттеріндегідей, толықтыру құқығы бар жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелерді өзгерту үрдісі өткен айда белсенді басталды — маусым айында сегменттегі банктердің басым бөлігі (7 банк) өз өнімдері бойынша табыстылықты негізінен қысқа мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелерді төмендету бағытында қайта қарады. Шілде айында тағы 2 банк мөлшерлемелерін төмендетті, бұл ретте өзгерістер тек 6 ай мерзімге орналастырылатын депозиттерге қатысты болды.

Маусым-шілде айларында жинақ депозиттері сегменті мөлшерлемелерді төмендету бойынша ең белсенді сегмент болғанына қарамастан, бұл сегмент бойынша табыстылық депозит нарығындағы ең тартымды деңгейде сақталуда — ең жоғары мөлшерлемелер 20,00–20,50% деңгейінде қалуда.

Банктер	2026 жылғы маусым, %					2026 жылғы шілде, %					Өткен аймен салыстырғандағы өзгеріс (п.т.)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
Банк 1	20,02	18,34	14,51	7,90	7,90	20,02	18,34	14,51	7,90	7,90	-	-	-	-	-
Банк 2	20,50	19,00	15,00	-	-	20,50	19,00	15,00	-	-	-	-	-	-	-
Банк 3	19,56	20,00	13,80	-	-	19,56	18,50	13,80	-	-		1,5↓	-	-	-
Банк 4	19,00	18,00	14,01	5,00	-	19,00	18,00	14,01	5,00	-	-	-	-	-	-
Банк 5	18,00	18,00	15,00	5,10	-	18,00	18,00	15,00	5,10	-	-	-	-	-	-
Банк 6	19,50	17,63	14,47	8,23	-	19,50	17,52	14,47	8,23	-	-	0,1↓	-	-	-
Банк 7	19,00	19,00	14,50	8,00	8,00	19,00	19,00	14,50	8,00	8,00	-	-	-	-	-
Банк 8	19,50	18,60	16,30	5,75		19,50	18,60	16,30	5,75	-	-	-	-	-	-
Банк 9	15,90	16,10	14,70	7,20	7,20	15,90	16,10	14,70	7,20	7,20	-	-	-	-	-
Банк 10	20,00	19,00	14,50	-	-	20,00	19,00	14,50	-	-	-	-	-	-	-
Банк 11	-	16,65	-	-	-	-	16,65	-	-	-	-	-	-	-	-
Банк 12	16,70	14,90	14,90	-	-	16,70	14,90	14,90	-	-	-	-	-	-	-

Орташа мөлшерлеме	18,88	17,94	14,7	6,7	7,7	18,88	17,80	14,7	6,7	7,7	-	0,1↓	-	-	-
-------------------	-------	-------	------	-----	-----	-------	-------	------	-----	-----	---	------	---	---	---

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

2026 жылғы шілде айының негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер саны	14
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктер саны	3
Ең жоғары мөлшерлеме	20,50% на 6 мес.
Ең төмен мөлшерлеме	6,30% на более 24 мес.
Орташа мөлшерлеме	15,30%

Өткен айда дәл толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттері сегментінде мөлшерлемелерді қайта қарау саны ең көп болды — 9 банк өз өнімдері бойынша мөлшерлемелерді негізінен төмендету бағытымен қайта қарады. Шілде айында бұл үрдіс жалғасып, тағы 3 банк мөлшерлемелерін қайта қарады. Өзгерістер 3 және 6 ай мерзімге орналастырылатын қысқа мерзімді депозиттерге қатысты болды.

Орналастыру мерзімі ішінде қаражатты толықтыру және алу мүмкіндігінің болмауына байланысты, депозиттердің бұл түрі дәстүрлі түрде талаптары икемдірек өнімдермен салыстырғанда жоғары табыстылық деңгейімен сипатталады. 2026 жылғы шілде айында сегменттегі ең жоғары мөлшерлеме жылдық 20,50% деңгейінде сақталды.

Дәл осы жинақ салымдары қаражат жинақтауды мақсатты түрде көбейту үшін оңтайлы құрал болып қала береді — олар инфляция деңгейінен шамамен екі есе жоғары болатын жоғары табыстылықты ұсынып қана қоймай, сондай-ақ қаражатты мерзімінен бұрын алу бойынша қатаң шектеулер арқылы салымшының тәртібін қалыптастырады. Айта кету керек, банктер бұл өнім бойынша тартымды табыстылықты тек қысқа мерзімдерге ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімдерге де ұсынады (мысалы, 12 айға дейін 17,00%-ға дейін, 24 айға дейін 15,00%-ға дейін). Бұл салымшыларға өнім бойынша тұрақты табыстылықты ұзақ мерзімге бекітуге және ҚДКБҚ-ның 20 млн теңгеге дейінгі ең жоғары кепілдігін пайдалануға мүмкіндік береді.

Банктер	2026 жылғы маусым, %					2026 жылғы шілде, %					Өткен аймен салыстырғандағы өзгеріс (п.т.)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
Банк 1	18,02	18,01	17,00	11,30	11,30	18,02	18,52	17,00	11,30	11,30	-	+0,5↑	-	-	-
Банк 2	18,00	17,20	14,90			18,00	17,20	14,90			-	-	-	-	-
Банк 3		18,50	15,00	10,00			18,50	15,00	10,00		-	-	-	-	-
Банк 4	18,04	18,62	16,04	11,24	10,47	17,92	17,23	16,04	11,24	10,47	-0,1↓	-1,4↓	-	-	-
Банк 5	17,00	17,51	14,50	10,00	8,00	17,00	17,51	14,50	10,00	8,00	-	-	-	-	-
Банк 6	19,00	19,00	16,00	12,20	6,40	19,00	19,00	16,00	12,20	6,40	-	-	-	-	-
Банк 7	18,11	20,00	16,87	12,38	7,43	18,00	18,50	16,87	12,38	7,43	-0,1↓	-1,5↓	-	-	-
Банк 8	18,01	17,00	16,00	12,85		18,01	17,00	16,00	12,85		-	-	-	-	-
Банк 9	15,90	16,10	15,90	11,60	9,40	15,90	16,10	15,90	11,60	9,40	-	-	-	-	-
Банк 10	19,50	17,80	15,70	12,20		19,50	17,80	15,70	12,20		-	-	-	-	-
Банк 11	20,00	19,30	17,00	15,00	6,30	20,00	19,30	17,00	15,00	6,30	-	-	-	-	-
Банк 12	17,92	18,16				17,92	18,16				-	-	-	-	-

Банк 13	20,00	20,50	15,90	13,00		20,00	20,50	15,90	13,00		-	-	-	-	-
Банк 14	18,30	18,50	16,00			18,30	18,50	16,00			-	-	-	-	-
Орташа мөлшерлеме	18,29	18,30	15,91	12,0	8,50	18,27	18,13	15,91	11,98	8,47	-0,02↓	-0,17↓	-	-	-



Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляция деңгейі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

2026 жылғы шілде айының негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер саны	2
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктер саны	1
Ең жоғары мөлшерлеме	15,90%
Ең төмен мөлшерлеме	14,80%
Ең жоғары спред	-2,24
Ең төмен спред	-2,98
Бенчмарк (ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі)	16,75%
Орташа мөлшерлеме	15,30%

Өзгермелі мөлшерлемесі бар депозиттер сегментінде ұсыныстар саны шектеулі. Өткен айда базалық мөлшерлеме төмендегеннен кейін бір банк базалық мөлшерлемеге қатысты теріс спред мөлшерін азайтты. Шілде айында екі банк те спред деңгейін бұрынғы деңгейде сақтады. Сонымен қатар, базалық мөлшерлеменің кезекті төмендеуі нәтижесінде өнімдер бойынша табыстылық автоматты түрде төмендейді (бұл төмендеу бір банктің сайтында көрсетілген).

Банктер	2026 жылғы маусым, %					2026 жылғы шілде, %					Өткен аймен салыстырғандағы өзгеріс (п.т.)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
Банк 1			15,05 (спред -2,98)					14,76 (спред -2,98)					-0,3↓		
Банк 2			15,90 (спред -2,24)					15,90 (спред -2,24)							
Орташа мөлшерлеме			15,48					15,33					-0,1↓		

Тұжырымдар

Банктердің ұсыныстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері 2026 жылғы шілде айында депозиттер бойынша мөлшерлемелерді түзету үрдісі жалғасқанын көрсетті, алайда бұл өзгерістер алдыңғы аймен салыстырғанда ауқымы жағынан аз болды. Депозиттік шарттарды қайта қараудың негізгі кезеңі маусым айына сәйкес келді. Бұл ақша-кредит саясатының жұмсаруына тікелей жауап болды, сол кезде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені бірден 1,0 п.т.-ға төмендетті. Сол кезеңде 10 банк тарифтік саясатын қайта қарады. Шілде айында бұл үрдіс жалғасып, тағы 4 банк өз депозиттері бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады. Депозиттер бойынша табыстылықтың түзетілуіне қарамастан, жекелеген банктердің мөлшерлемелері жоғары деңгейде сақталуда (20,5%-ға дейін).

Шарттарды қайта қараудың негізгі бөлігі, өткен айдағыдай, жинақ және ішінара мерзімді депозиттер сегменттерінде тіркелді. Ал мерзімсіз депозиттер бойынша белсенділік ең төмен деңгейде байқалады. Қазіргі кезеңде мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелердің тұрақтылығы олардың мерзімді және жинақ өнімдерімен салыстырғандағы табыстылық айырмашылығының жеткілікті деңгейде сақталуымен түсіндіріледі. Бұл айырмашылық қаражатты мерзімінен бұрын алуға қойылатын шектеулер үшін берілетін өзіндік сыйақы болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта банктер үшін талаптары икемдірек депозиттер бойынша шарттарды өзгерту қажеттілігі жоқ. Мерзімсіз депозиттер бойынша тарту құнының өзгеруін жинақ және мерзімді құралдар бойынша табыстылықтың одан әрі төмендеуі нәтижесінде аталған айырмашылық айтарлықтай қысқарған жағдайда күтуге болады.

Мәселен, 2025 жылы ақша-кредит талаптары қатаңдатылған кезеңде пайыздық трансмиссия бастапқы кезеңде мерзімсіз депозиттерге әсер етті. Аталған депозиттер бойынша мөлшерлемелер наурыз-сәуір айларында наурызда базалық мөлшерлеменің көтерілуіне жауап ретінде айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, қазан айында базалық мөлшерлеменің кейінгі көтерілуі кезінде трансмиссиялық механизм бұл сегментке әсер етпей, ықпал мерзімді және жинақ салымдарына бағытталды. Бұл қаржыландырудың нарықтық саралануының классикалық үлгісін қалыптастырды: икемді құралдардың құны толықтыруға және қаражатты мерзімінен бұрын алуға қатаң шектеулері бар салымдарға қарағанда төмен болады. Осыған сәйкес, ақша-кредит талаптары жұмсарған кезеңде бастапқы түзету ең жоғары табыстылық ұсынатын сегменттерде (мерзімді және жинақ депозиттері) жүруі заңды. Ал осы үрдіс орныққан және спред сыни деңгейге дейін қысқарған жағдайда ғана өзгерістер мерзімсіз депозиттерді тарту құнына әсер етеді.

Өз кезегінде, бөлшек депозиттер нарығындағы алдағы үрдістер Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы кейінгі қадамдарына байланысты болады. 24 шілдеде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені тағы да 0,25 п.т.-ға төмендету туралы шешім қабылдады. Бұл ретте реттеуші орган «базалық мөлшерлеменің алдын ала белгіленген траекториясын айқындамайтынын және инфляцияның нақты динамикасының болжамға сәйкестігіне қарай шешім

қабылдау бағытындағы өзгерістерге, сондай-ақ үзілістерге жол беретінін»⁶ атап өтті.

Осылайша, тамыз айында ҚДКБҚ банктер тарапынан мөлшерлемелерді нүктелік түзету үрдісі жалғасады деп күтеді. Бұл түзетулер банктердің қаржыландыру шығындарын оңтайландыруға бағытталады, әсіресе Ұлттық Банктің шілде айында базалық мөлшерлемені қосымша төмендеткенін ескере отырып. Бұл ретте банктердің бір бөлігі күту ұстанымын таңдауы мүмкін, себебі шарттарды ең ауқымды қайта қарау маусым айында жүзеге асырылып қойған болатын. Депозит нарығындағы алдағы үрдістер реттеушінің 2026 жылғы 4 қыркүйекке жоспарланған базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешіміне байланысты болады.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден асырылмайды.**

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.

⁶ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін төмендету туралы» баспасөз хабарламасы <https://nationalbank.kz/kz/news/press-relizy/19982>